

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ – БАЛАЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІНІҢ МӘДЕНИ-РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Табылдықызы Жұлдыз

7M01101 – Педагогика және психология білім бағдарламасының ІІ курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, п.ғ.д., профессор – Джанзакова Ш.И.

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі даярлық топ балаларының эстетикалық талғамын қалыптастыруда қазақ фольклорының маңызы қарастырылады. Халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы балалардың көркемдік қабылдауы, талғамы, ұлттық құндылықтарға деген құрметі дамитаыны талданады.

Кілт сөздер: эстетикалық тәрбие, қазақ фольклоры, мектепке дейінгі білім, халық ауыз әдебиеті, көркемдік талғам.

Ұлттық мәдени мұраны сақтау мен жас ұрпақ тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды орнықтыру мәселесі мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде айқындалған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды ұрпақ тәрбиесінің негізіне айналдыру мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Атап айтқанда, Президенттің Қазақстан халқына арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында қоғамның рухани дамуы, ұлттық бірегейлікті нығайту, жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мәселелері мемлекеттің ұзақ мерзімді дамуының маңызды бағыттарының бірі ретінде айқындалған. Мұндай стратегиялық бағдар ұлттық мәдени мұраның тәрбиелік әлеуетін тәрбие жүйесінде кеңінен пайдаланудың маңыздылығын көрсетеді.

Әлемдік педагогикалық тәжірибеде де жас ұрпақтың эстетикалық мәдениетін дамыту мәселесіне айрықша көңіл бөлінеді. Әсіресе мәдениет пен өнер арқылы тәрбиелеу идеясы халықаралық деңгейдегі білім беру бастамаларында кеңінен қолдау тапқан. Мәселен, ЮНЕСКО ұйымы қабылдаған мәдениет пен өнерге негізделген білім беру тұжырымдамаларында тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту, көркемдік қабылдау мәдениетін қалыптастыру және ұлттық мәдениеттердің бай мұрасын білім беру үдерісіне енгізу негізгі бағыттардың бірі ретінде қарастырылады.

Баланың рухани әлемі нәзік әсерлер мен көркем бейнелер арқылы қалыптасады. Ерте жаста қабылданған көркемдік әсерлер кейінгі тұлғалық дамудың іргетасына айналады. Мектепке дейінгі шақ – баланың сезімдік қабылдауы, эстетикалық әсерленуі, әсемдікке деген қызығушылығы қалыптасатын ерекше кезең. Әсемдік пен үйлесімділікті тану қабілеті дәл осы кезеңде қалыптасып, баланың табиғатқа, өнерге, сөз өнеріне деген көзқарасын айқындайды. Эстетикалық талғам тұлғаның мәдени деңгейін көрсететін маңызды қасиеттерінің бірі саналады. Көркемдік құндылықтарды қабылдау, оларды бағалау және ажырату білу қабілеті адамның рухани мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде танылады.

Қазақ фольклоры – ұлттың тарихи жады мен мәдени болмысының көркем айнасы. Халық даналығы жинақталған ертегілерде адамгершілік пен ізгілік идеялары көркем бейнелер арқылы жеткізіледі. Мақал-мәтелдерде өмір тәжірибесінің терең мағынасы ықшам әрі әсерлі сөз өрнегімен беріледі. Жұмбақтар баланың ойлау қабілетін шыңдап, заттар мен құбылыстардың көркем бейнесін тануға баулиды. Жаңылтпаштар тілдің әуезділігі мен ырғақтық құрылымын сезінуге үйретеді. Ал бесік жырларындағы әуез бен нәзік образдар баланың сезім дүниесіне әсер етіп, көркемдік қабылдауын байытады.

Халық шығармашылығының осындай жанрлық байлығы баланың рухани әлемін көркемдік тұрғыдан дамытуда ерекше орын алады. Көркем сөздің бейнелігі мен поэтикалық құрылымы баланың эстетикалық сезімін тереңдетіп, ұлттық мәдениетке құрмет сезімін

калыптастырады. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мазмұнында қазақ фольклорының жанрларын мақсатты және жүйелі қолдану педагогикалық тұрғыдан маңызды міндеттердің бірі саналады.

Эстетикалық тәрбие мен көркемдік талғам мәселесі педагогика және психология ғылымында әр кезеңде көптеген зерттеушілердің назарында болған. Тұлғаның әсемдікті қабылдауы, көркемдік мәдениетінің қалыптасуы, өнер мен халықтық мұраның тәрбиелік әлеуеті әлемдік педагогикалық ойдың маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылып келеді.

Балалар фольклоры балалардың ойын ұшқырлайды, тілін жетілдіреді, үйренген - білгенін еркін әңгімелеп беруге машықтандырады. Солардың ішінде әсіресе ертегінің рөлі ерекше. Ертегіні өмір оқулығы десе болады. Өйткені, қуаныш та, шаттық та, уайым-қайғы да - бәрі ертегі мазмұнынан табылады. Сондықтан балалардың ертегісіз өмір сүріп, есіп-жетілуі мүмкін емес.

Қай халықтың болмасын балалар фольклоры, олардың жас ерекшеліктеріне, мақсат-мүддесі мен талап-тілектеріне сай құрылады, өзінің тартымдылығымен, бейнелілігімен және сезімге ықпал етуімен айрықшаланады.

Қазақ халық педагогикасында балалар фольклоры тәрбие құралы ретінде жас ұрпақтың эстетикалық қызығушылығын қалыптастыруда үлкен рөл атқарып келеді. Балалар фольклорының қайсыбір түрі болмасын өзінің мән-мазмұнының тереңдігі, шыншылдығы, тапқыр әзіл-мысқылы және әлеуметтік мәні жағынан ерекшеленген көркем құбылыс болып табылады.

Балалар фольклорын атқаратын міндетіне және тіршіліктегі сипатына қарай анықтау - бұл әрбір топтың ішіндегі оның жанрларын құрайтын функциялары, музыкалық құрылыстың, орындаушылық мәнері мен тұрмыстық функциялары бірлігінің белгісі бойынша міндетті түрде атап көрсетуді болжайтын жіктеменің алғашқы сатысы ғана.

Мектепке дейінгі даярлық топ мекемелерде, халықтың бай қазынасы көркем шығармаларға балалардың қызығушылығын дамыта отырып, ұлытымыздың салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігі жайында қарапайым түсініктер беріледі. Қазақ фольклоры материалдарын зерделеу, осы мәселе жөніндегі ғылыми-педагогикалық жұмыстармен танысу, отбасы тәрбиесінің ұлттық дәстүрлерін талдау балаларды ауыз әдебиетінің түрлеріне, ертегілерге, жұмбақтарға, мақал-мәтелдерге, жаңылтпаштарға, санамақтарға қызығушылығын ерте бастан оятып дамыту басты міндет.

Қазіргі білім беру жүйесінде баланың жан-жақты дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Соның ішінде эстетикалық тәрбие – тұлғаның рухани дамуының маңызды құрамдас бөлігі. Мектепке дейінгі даярлық кезеңінде баланың әсемдікті қабылдауы, көркемдік талғамы қалыптаса бастайды. Осы ретте қазақ фольклоры – тәрбие құралы ретінде ерекше мәнге ие.

Ең алдымен, эстетикалық тәрбие дегеніміз – адамның көркемдік талғамын, әсемдікті қабылдау қабілетін, өнер мен табиғаттағы сұлулықты түсінуін қалыптастыру үдерісі. Бұл тәрбие түрі баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Ал қазақ фольклоры – осы эстетикалық тәрбиенің негізгі құралдарының бірі. Өйткені онда поэзия, музыка, сөз өнері, бейнелеу элементтері біртұтас көрініс табады.

Қазіргі кезде эстетикалық көз қарастарды тәрбиелеу – тәрбие барысының зейін салуды, күн санап өсіруді талап ететін мәселесі. Біздің қоғам адамына тек қана өнердің емес, еңбек, қоғамдық қатынастар, қоршаған орта, тәртіп, тұрмыс, табиғаттың да әсемдік жақтары ықпал етеді. Эстетикалық көзқарастар адамның шындыққа қатынасын анықтайды.

Адам өмірінде эстетикалық көзқарас әрдайым қуатты рухани күш ретінде көрінеді. Балаға балғын, бөбектік кезеңнен бастап әсемдікке ұмтылу тән нәрсе. Ол әрдайым бойларында әсемдік құндылықтары бар қатар – құрбыларына, ересектерге еліктейді. Балалардың өз еңбек іс-әрекеті тиімді және

сапалы болуы үшін оның ұйымдастырылуы толысып, тамаша нәрсені қабылдау деңгейі не жеткені жөн.

Философиялық сөздікте *эстетика* сөзі грек тілінен аударғанда «*сезімтал*», «*сезінуші*» деген ұғымдарды береді. Жалпы, *эстетика* – адамзаттың қоғамды эстетикалық тұрғыда меңгеруінің заңдылықтары, әсемдік немесе сұлулық заңдары бойынша өнердің мәні мен түрлерінің сыры туралы ғылым. Сонымен қатар, ғылыми педагогикада: «эстетика – жалпы адамзаттық құндылықтардың мәні, олардың туындауы және халықтың оны қабылдауы, сезінуі, бағалауы туралы ғылым» деп түсіндіретін тағы да бір пікір бар.

Эстетикалық тәрбиенің мақсаты – әр адамның ақыл-ойын, әсемдік жөніндегі сауаттылығын арттырып, мінез-құлқының, тән мен жанының қалыптасуына ықпал ету. Жасампаздықты мұрат тұтып, өзінің тұрмысын, мінез-құлқын, адамдармен қарым-қатынасын, ұйымдастыра білу қабілетін, қиялын, эстетикалық талғамын дамыту. Эстетикалық тәрбие жан-жақты дамыған, еңбексүйгіш, достыққа берік, жаны сұлу, әдепті жастарды тәрбиелеудің басты бір саласы.

Эстетикалық тәрбие – кең ұғым. Ол әсемдікті сезе білуге тәрбиелейді. Эстетикалық тәрбие көркемөнер құралдары арқылы ғана емес, қоғамдық өмірдің, оқудың, еңбектің, табиғаттың әсемдігін тану кезінде, адамдармен қарым-қатынас үстінде тәрбиеленеді.

Көркемдікке көркемөнер құралдары арқылы тәрбиеленеді. Көркемдікке тәрбиелеу эстетикалық тәрбиенің негізгі құрамдас бөлімі.

Эстетикалық даму дегеніміз жас ұрпақтың эстетикалық нәр алуға мүмкіндік тудыратын сезім мүшелері мен шығармашылық қабілетін ұштау, өмірдегі, көркемөнердегі әсемдікті түсінуіне, оны қабылдауына педагогикалық жағынан ықпал ету арқылы адамның эстетикалық сезімін дамыту.

Қазақ фольклоры – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған рухани мұрасы. Оның құрамына ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, аңыз-әңгімелер, бесік жыры, санамақтар жатады. Бұл жанрлар балалардың жас ерекшелігіне сай әрі қызықты болғандықтан, олардың эстетикалық сезімін дамытуда тиімді құрал болып табылады. Бұлардың әрқайсысының өзіндік тәрбиелік және эстетикалық мәні бар. Мысалы, бесік жыры – баланың ең алғашқы еститін әуені. Ана әлдіі арқылы бала әуезділікке, ырғаққа, сұлулыққа жақын болып өседі. Бесік жырының мазмұнында мейірімділік, сүйіспеншілік, үміт сияқты асыл қасиеттер көрініс табады. Бұл баланың эмоционалдық әлемін байытып, эстетикалық сезімін дамытады.

Ертегілер арқылы бала жақсылық пен жамандықты ажыратып қана қоймай, кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы әсемдік пен үйлесімділікті сезінеді. Көркем тіл, бейнелі сөздер баланың қиялын дамытып, сөздік қорын байытады. Балалардың қиялын дамытатын, жақсылық пен жамандықты айыруға үйрететін маңызды фольклорлық жанр. Сонымен қатар, ертегі тындау барысында бала табиғат сұлулығын, адамгершілік құндылықтарды қабылдайды. Сонымен қатар, ертегілер арқылы бала әдемілік пен ұсқынсыздықты, әділдік пен әділетсіздікті салыстырып, өз көзқарасын қалыптастырады.

Мақал-мәтелдер – қысқа да нұсқа ой арқылы баланың эстетикалық талғамын қалыптастыратын құрал. Олардың көркемдігі мен нақтылығы балалардың тіл мәдениетін дамытады. Жұмбақтар мен жаңылтпаштар баланың ойлау қабілетін арттырып, дыбыстық әсемдікті сезінуге үйретеді. Мақал-мәтелдер – халық даналығының көрінісі. Олардың қысқа да нұсқа, көркем тілі балаға ойды нақты әрі әсерлі жеткізуді үйретеді. Мақал-мәтелдердегі бейнелілік, астарлы мағына баланың эстетикалық талғамын қалыптастырып, сөз өнеріне деген қызығушылығын арттырады.

Фольклорды қолдану барысында тәрбиеші түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана алады: сахналау, рөлдік ойындар, көркем сөз оқу, сурет салу, музыкалық сүйемелдеу. Бұл әрекеттер баланың эмоциялық сезімін оятып, шығармашылық қабілетін дамытады.

Халықтың тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын, арман-мұратын, эстетикалық талғамын айқын көрсететін рухани құндылықтардың бірі болып табылады. Әсіресе, қазақ фольклорының балалар тәрбиесіндегі орны ерекше. Себебі халық ауыз әдебиеті арқылы балаға

тек білім ғана емес, сонымен қатар әсемдікті сезіну, көркемдікті бағалау, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру сияқты маңызды тәрбиелік негіздер беріледі. Сондықтан қазақ фольклорын балалардың эстетикалық тәрбиесінің мәдени-рухани құндылығы ретінде қарастыру аса маңызды.

Жұмбақтар мен жаңылтпаштар да баланың ойлау қабілетін жетілдірумен қатар, тілдің әуезділігі мен көркемдігін сезінуге үйретеді. Жаңылтпаштардағы дыбыстық үйлесім, ырғақтық құрылым баланың тіл мәдениетін дамытып, сөздің сұлулығын ұғынуға мүмкіндік береді. Ал жұмбақтар баланың логикалық ойлауын дамыта отырып, заттардың сыртқы және ішкі қасиеттерін бейнелі түрде қабылдауға ықпал етеді.

Қазақ фольклорының тағы бір маңызды ерекшелігі – оның ұлттық сипаты. Фольклор арқылы бала өз халқының мәдениетімен, дәстүрімен, салт-санасымен танысады. Бұл оның ұлттық сана-сезімін қалыптастырып қана қоймай, эстетикалық дүниетанымын кеңейтеді. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген бала әсемдікті тек сыртқы көрініс ретінде емес, рухани тереңдік ретінде қабылдай бастайды.

Қазіргі заманда технологияның дамуына байланысты балалардың эстетикалық тәрбиесіне қауіп төндіретін факторлар да аз емес. Шетелдік мәдени өнімдердің басым болуы, уақыттың көп бөлігін гаджеттерде өткізу балалардың ұлттық мәдениеттен алшақтауына әкелуі мүмкін. Осындай жағдайда қазақ фольклорының маңызы арта түседі. Себебі ол – ұлттық тәрбиенің негізі, рухани жаңғырудың қайнар көзі.

Балабақша мен мектеп бағдарламасында фольклорлық шығармаларды тиімді пайдалану – балалардың эстетикалық тәрбиесін жетілдірудің маңызды жолдарының бірі. Мұғалімдер мен тәрбиешілер ертегілерді сахналау, жұмбақ шешу, мақал-мәтелдер жарысын ұйымдастыру сияқты әдістер арқылы балалардың қызығушылығын арттыра алады. Сонымен қатар, ата-аналардың да рөлі зор. Үйде балаға ертегі айтып беру, халық әндерін тыңдату арқылы оның эстетикалық талғамын дамытуға болады.

Қазақ фольклоры балалардың табиғатқа деген эстетикалық қатынасын қалыптастырады. Көптеген жырлар мен ертегілерде табиғат ерекше көркемдікпен суреттеледі. Бұл баланың қоршаған ортаға сүйіспеншілігін арттырып, экологиялық мәдениетін де дамытады.

Қазіргі білім беру жүйесінде фольклорды қолданудың жаңа әдістері кеңінен енгізілуде.

Мысалы:

- интерактивті ертегі айту;
- сахналық қойылымдар ұйымдастыру;
- мультимедиялық ресурстар арқылы фольклорды таныстыру;
- ұлттық ойындарды оқу процесіне енгізу.

Бұл әдістер балалардың қызығушылығын арттырып, эстетикалық тәрбиені тиімді етеді.

Сонымен бірге, ғылыми зерттеулер де қазақ фольклорының тәрбиелік маңызын дәлелдейді. Педагогтар мен психологтар халық ауыз әдебиеті баланың эмоционалдық интеллектісін дамытуға, шығармашылық қабілетін арттыруға және көркемдік талғамын қалыптастыруға ықпал ететінін атап көрсетеді.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық мәдениетті сақтау мәселесі өзекті болып отыр. Шетелдік ақпараттың көптігі балалардың дүниетанымына әсер етуде. Сондықтан қазақ фольклорын кеңінен насихаттау – тек тәрбиелік емес, сонымен қатар мәдени қауіпсіздік мәселесі де болып табылады.

Ата-аналар мен ұстаздардың міндеті – балаларды ұлттық құндылықтармен ерте жастан таныстыру. Үйде ертегі оқу, халық әндерін тыңдату, мақал-мәтелдерді күнделікті өмірде қолдану – қарапайым әрі тиімді тәсілдер. Ал мектепте фольклорды тек оқу материалы ретінде емес, тәрбиелік құрал ретінде пайдалану қажет.

Қазақ фольклоры – балалардың эстетикалық тәрбиесінің маңызды мәдени-рухани құндылығы. Ол баланың көркемдік талғамын қалыптастырып қана қоймай, оның адамгершілік, ұлттық және рухани дамуына ықпал етеді. Сондықтан фольклорлық мұраны сақтау, оны жас ұрпаққа жеткізу – бүгінгі қоғамның басты міндеттерінің бірі.

Қорытынды

Қазақ фольклоры – даярлық топ балаларының эстетикалық талғамын қалыптастырудың тиімді құралы. Ол баланың көркемдік қабылдауын дамытып қана қоймай, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттырады. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында фольклорды жүйелі түрде қолдану маңызды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тоқаев Қ.К. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды ресурс] // Adilet.zan.kz.
2. Кукушин В., Қалиев С. Этнопедагогика: Оқулық / В.С. Кукушин, С. Қалиев. – Алматы: РПБК «Дәуір», 2014. – 336 б.
3. Ақжолова А. Қазақ балалар поэзиясындағы дәстүр жалғастығы: Монография. – Алматы: «Нур-Принт», 2014. – 158 б.
4. Нысанбаев А.Н. Духовно-ценностный мир народа независимого Казахстана: проблемы и перспективы // Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2015. – 274 с.
5. Жапишева Г. К., Адиева П. М. Фольклорлық жанрларды оқыту арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту // Вестник университета Ясави. – 2024. – Т. 4. – №. 134. – С. 462-474.